



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Астана қ.

2023 жыл, 12 желтоқсан

2023 жылғы 10 айда ҚҰБ төлем жүйелері арқылы 768,9 трлн теңгеге төлем жүргізілді

2023 жылғы қаңтар-қазан айларында Ұлттық Банктің төлем жүйелері арқылы барлығы **768,9 трлн теңгеге** төлем жүргізілді. Бұл өткен жылдың осы кезеңіне қарағанда 26%-ға көп.

Операциялық күн ішінде ұлттық төлем жүйелеріне түсетін орташа жүктеме **күніне 3,8 трлн теңгеге 298,4 мың төлемді** құрайды. Минут сайын **5,7 млрд теңгеге** операциялар жүргізіледі. Айта кетейік, ең көп операция сағат 16:00-ден 17:00-ге дейін өңделеді.

2023 жылдың 10 айында Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің жұмысқа қабілеттілік коэффициенті **99,99%-ды** құрады. Бұл белгіленген нысаналы көрсеткіштерден асып түседі және ұлттық төлем жүйелерінің жоғары тиімділігін көрсетеді.

Анықтама үшін:

Қазақстан Ұлттық Банкі Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің (БААЖ) және Банкаралық клиринг жүйесінің (БКЖ) операторы болып табылады. ҚҰБ-тың осы төлем жүйелері ұлттық төлем жүйесінің үздіксіз жұмысын және Қазақстан аумағында қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды жүзеге асыруға қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз етеді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz